

## **Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округінің Чернышов қыстағы аумағында карантин белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 4046 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округі әкімінің 13.04.2016 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 339 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында ауылдық округ әкімі

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округінің Чернышов қыстағы аумағында ұсақ малы арасынан шешек ауруының пайда болуына байланысты карантин белгіленсін.
2. Жаңабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Т. Қ. Есенғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Жаңабұлақ ауылдық округінің әкімі*

*С. Сиражев*

